

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің  
Ғылыми кеңесі мен Редакциясы-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған (№1 хаттама 2 қараша 2016 жыл)*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
жанындағы Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді  
зерттеудің республикалық ғылыми зерттеу  
орталығында дайындалған

**Пішір жазған**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Е. Елеусов**

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан ҰҒА құрамындағы мүшесі **Т. Омарбеков**

Қ 18 **Қазақстан** (Қазақ елі) тарихы: практикум / Т. Омарбеков,  
Б.Б. Қорібасов, Қ.С. Қаражан, М.С. Ноғайбасова [және т.б.];  
жалпы ред. басқ. Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ универси-  
теті, 2016. – 334 б.

ISBN 978-601-04-2460-9

Практикум жоғарғы оқу орындарынан SB020300 – тарих, SB011400  
– тарих мамандықтары бойынша білім алушылар мен оқытушыларға ар-  
налған. Онда Қазақстан тарихының көкейтесті сұрақтарына қысқаша жау-  
аптар және қажетті әдебиеттер көрсетілген.

ӘОЖ 94 (574)

ISBN 978-601-04-2460-9


© Авторлар ұжымы, 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## КІРІСПЕ

Қазақ елінің тарихын оқу орындарында оқыту тәуелсіздік тұсында жаңа талаптарға жауап беруі тиіс болып отыр. Бұл дегеніміз – ең алдымен, тәуелсіз қазақ елінің тарихпен байланысты бүгінгі өзекті мәселелеріне нақты жауаптар іздеу деген сөз. Яғни, тарихтың сабақ аларлықтай тағылымды тәжірибесі бүгінгі күннің толғақты ізденістеріне қызмет етуі керек. Мұның өзі тарихты оқыту мәселесін айқындай және ықшамдай түсуді қажет етеді және тарихи тәжірибені бүгінгі сұранысқа сәйкестендіре білуге ұмтылдырады. Мұндай көзқарас, өрине, оқыту үдерістеріндегі жаңа озық тәжірибелерді де басшылыққа алуды қажеттілікке айналдырып отыр. Әсіресе, озық елдердің тәжірибесін басшылыққа алу мұнда да жаңалықтарды көптеп енгізуге алып келді. Мысалы, бүгінгі күні студенттердің білімі ағымдық бақылау, аралық бақылау, оқу пәндерін сырттай бағалау және мемлекеттік емтихан сауалдарына жауап іздеу тәрізді әдістер арқылы бағаланатын болды. Мұның өзі студенттің Қазақстан тарихына қатысты пәндер бойынша сұрақ-жауап түрінде дайындық жұмыстарын күшейте түсуді қажет етеді және белгілі.

Егер қазақ елінің тарихы дегеніміз, шын мәнінде, ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін түрлі тарихи сауалдарға жауап іздеу болып табылатынын ескерсек, студенттің тарих пәнінде осы, өзекті сауалдарға нақты жауаптар беруге дағдылануы олардың жүйелі білім алуына көп көмектеседі деп ойлаймыз.

Сондықтан да жоғарыда аталған оқу әдістерінде қолданылатын білімді тексеру сатылары, негізінен, тарихи сауалдарға жауап беру сипатын ала баспағанын ескере отырып, тарихи білімді оқытуды күнделікті оқу үдерісіне жақындатуды ойластырдық. Мұның өзі студенттерге арналған Қазақстан тарихының барлық кезеңдерін сұрақтар мен жауаптар түрінде қамтитын көмекші оқу құралын – практикумды құрастыру қажеттігіне алып келді. Мұндай көмекші оқу құралы студенттің қазақ тарихының



КАЗАКСТАН  
(КАЗАК ЕЛІ) ТАРИХЫ

Практикум